

ISSN 3007-2840

Қазақ тарихы
журналы
(онлайн)

Journal
of Kazakh history
(online)

№ 1(189) 2026

«History and Culture» ЖШС

ҚАЗАҚ ТАРИХЫ ЖУРНАЛЫ

(ОНЛАЙН)
№1 (189) 2026

JOURNAL OF KAZAKH HISTORY

(ONLINE)
№1 (189) 2026

Құрылтай және баспагер:

«History and Culture» ЖШС. Алматы, Қазақстан.

ҚР Байланыс және ақпарат министрлігінің Ақпараттар мен архивтер комитетінің мерзімді баспасөз басылымын және (немесе) ақпараттық агенттікті есепке қою туралы 02.11. 2023 жылғы № KZ 38RBZ00041763 күәлігі берілген.

Журнал жылына 4 рет жарыққа шығады (наурыз, маусым, қыркүйек, желтоқсан)

Founder and publisher:

«History and Culture» LLP, Almaty, Kazakhstan

Periodic press publication of the Information and Archives Committee of the Republic of Kazakhstan on communication and information and (but) on registration of information agencies 02.11. Certificate No. KZ 38RBZ00041763 dated 2023 was issued.

Published 4 times a year (March, June, September, December)

РЕДАКЦИЯЛЫҚ КЕҢЕС ЖӘНЕ АЛҚА

Бас редактор:

Ринат Жұматаев – PhD, әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті, Алматы, Қазақстан

Бас редактордың орынбасары – жауапты редактор:

Меңдігүл Ноғайбаева – тарих ғылымдарының кандидаты, әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті, Алматы, Қазақстан

РЕДАКЦИЯЛЫҚ АЛҚА:

Абай Намен – PhD, Назарбаев университеті, Астана, Қазақстан

Ақбар Бабабеков – PhD, Ұлықбек мырза атындағы Өзбекстан ұлттық университеті, Ташкент, Өзбекстан

Ангела Шоттенхаммер – тарих ғылымдарының докторы, Лёвен католик университеті (KU Leven), Лёвен, Бельгия

Анджей Розвадовски – тарих ғылымдарының докторы, Адам Мицкевич атындағы университет, Познань, Польша

Анна Чесьлевска – PhD, Лодзь университеті, Лодзь, Польша

Виктор Новоженев – тарих ғылымдарының кандидаты, «Мәдениеттерді жақындастыру орталығы» мемлекеттік музейі, Алматы, Қазақстан

Ералы Ақымбек – PhD, Ә.Х. Марғұлан атындағы Археология институты, Алматы, Қазақстан

Иштван Шанта – PhD, Этвёш Лоранд атындағы университет (ELTE), Будапешт, Мажарстан

Қанат Енсенев – тарих ғылымдарының кандидаты, Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, Астана, Қазақстан

Назгүл Байғабатова – тарих ғылымдарының кандидаты, І. Жансүгіров атындағы Жетісу мемлекеттік университеті, Талдықорған, Қазақстан

Нұржан Жетпісбай – PhD, Ш.Ш. Уәлиханов атындағы Тарих және этнология институты

Райнер Фельдбахер – PhD, Астаналық педагогикалық университеті, Бейжің, ҚХР

Рекка Робертс – PhD, Кембридж университеті, Кембридж, Ұлыбритания

Салтанат Әмір – PhD, Британ музейі, Лондон, Ұлыбритания

Светлана Шнайдер – тарих ғылымдарының кандидаты, Ресей Ғылым Академиясы Сібір бөлімінің Археология және этнография институты, Новосібір, Ресей

Финн Шрайбер – PhD, «Тарихи ескерткіштерді қорғау және археология жөніндегі жер басқармасы» Ежелгі тарих мемлекеттік музейі, Халле, Германия

Эврим Өлчер – PhD, Қажы Байрам Вели университеті, Анкара, Түркия
<https://www.scopus.com/pages/authors/38161690900>

ТЕХНИКАЛЫҚ РЕДАКТОРЛАР:

Сапатай Самат Әбдіразақұлы – PhD, әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті, Алматы, Қазақстан

Назира Әбдінасыр – PhD, әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті, Алматы, Қазақстан

EDITORIAL BOARD AND EDITORIAL COMMITTEE

Editor-in-Chief:

Rinat Zhumatayev – PhD, Farabi University, Almaty, Kazakhstan

Deputy Editor-in-Chief – Executive editor:

Mendigul Nogaibayeva – Candidate of historical sciences, Farabi University, Almaty, Kazakhstan

EDITORIAL BOARD:

Abay Namen – PhD, Nazarbayev University, Astana, Kazakhstan

Akbar Bababekov – PhD, National University of Uzbekistan named after Mirzo Ulugbek, Tashkent, Uzbekistan

Angela Schottenhammer – Doctor of Historical Sciences, KU Leven, Belgium

Andrzej Rozwadowski – Doctor of Historical Sciences, Adam Mickiewicz University, Poznań, Poland

Anna Cieślewska – PhD, University of Lodz, Poland

Victor Novozenov – Candidate of historical sciences, UNESCO Center for the Rapprochement of Cultures, Almaty, Kazakhstan

Eraly Akymbek – PhD, Margulan Institute of Archeology, Almaty, Kazakhstan

István Sántha – PhD, Eötvös Loránd University (ELTE), Budapest, Hungary

Kanat Yensenov – Candidate of historical sciences, Gumilyov Eurasian National University, Astana, Kazakhstan

Nazgul Baigabatova – Candidate of Historical Sciences, Zhetisu University, Taldykorgan, Kazakhstan

Nurzhan Zhetpisbai – PhD, Institute of History and Ethnology named after Sh.Sh. Ualikhanov, Almaty, Kazakhstan

Rainer Feldbacher – PhD, Capital Normal University, Beijing, China

Rebecca Roberts – PhD, University of Cambridge, Cambridge, United Kingdom

Saltanat Amir – PhD, British Museum, London, United Kingdom

Svetlana Shneider – Candidate of historical sciences, Institute of Archaeology and Ethnography, Siberian Branch of the Russian Academy of Sciences, Novosibirsk, Russian Federation

Finn Schreiber – PhD, State Office for Heritage Management and Archaeology (LDA) Saxony-Anhalt – State Museum of Prehistory, Halle, Germany

Evrin Ölçer – PhD, HacıBayramVeli University, Ankara, Türkiye

TECHNICAL EDITORS:

Samat Sapatay – PhD, Farabi University, Almaty, Kazakhstan

Nazira Abdinassir – PhD, Farabi University, Almaty, Kazakhstan

Журналда тарих ғылымының келесі бағыттары бойынша ғылыми жұмыстар жарияланады: тарих (ежелгі, ортағасырлар, жана және қазіргі заман), археология, деректану және тарихнама, этнология, антропология. Жарияланым тілдері: қазақ, ағылшын. 1993 жылдан бастап шығады

Scientific works are published in the journal in the following areas of historical science: history (ancient, medieval, new and modern), archeology, source studies and historiography, ethnology, anthropology. Publication languages: Kazakh, English. Founded in 1993.

Редакциямен баспаның мекен-жайы:
050040 Көктем-4 ы/а, 13-үй, 19 п.
Қазақстан Республикасы, Алматы қ.

«History and Culture» ЖШС. Тел.: +77076787670.
e-mail: qazaqtarihy.journal@gmail.com
Журнал сайты: <https://journal.historyculture.kz/index.php/journals>

Address of the editorial office:
050040 microdistrict Koktem-2, no. 13, apt. 19.
Almaty, Republic of Kazakhstan

«History and Culture» LLP. Tel.: +77076787670.
e-mail: qazaqtarihy.journal@gmail.com
Journal site: <https://journal.historyculture.kz/index.php/journals>

**ДЕРЕКТАНУ ЖӘНЕ
ТАРИХНАМА**

**SOURCE STUDIES AND
HISTORIOGRAPHY**

Әлімбаева Айгүл Төлегенқызы

Жетысу облысының М.Тынышбайұлы атындағы
тарихи-өлкетану музейінің аға ғылыми қызметкері,
Талдықорған қ., Қазақстан
e-mail:

**КӨШПЕЛІ ӨРКЕНИЕТТІ ЗЕРТТЕУДЕГІ
ОТАНДЫҚ ҒАЛЫМДАРДЫҢ ЕҢБЕКТЕРІ**

Аңдатпа: Мақалада көшпелі өркениетті зерттеуге арналған отандық ғалымдардың ғылыми еңбектеріне историографиялық талдау жасалады. Ұлы дала аумағында қалыптасқан көшпелі қоғам туралы ғылыми көзқарастардың қалыптасу және даму кезеңдері қарастырылады. Көшпелі мәдениетті зерттеудегі теориялық-әдіснамалық ұстанымдардың эволюциясына, сондай-ақ әртүрлі тарихи кезеңдердегі ғылыми парадигмалардың өзгеруіне ерекше назар аударылады. Ш.Ш. Уәлиханов, Ә.Х. Марғұлан, К.А. Ақышев, З. Самашев және К. Байпақов еңбектері негізінде көшпелілердің материалдық және рухани мәдениетін зерттеудің негізгі бағыттары талданады. Аталған ғалымдардың еңбектері көшпелі өркениетті бірегей мәдени-тарихи құбылыс ретінде ғылыми тұрғыдан түсінуді қалыптастыруда маңызды рөл атқарғаны көрсетіледі. Сонымен қатар Қазақстанның тәуелсіздік кезеңіндегі зерттеулерге ерекше көңіл бөлініп, онда көшпелі өркениет Ұлы даланың тарихи дамуы мен мәдени бірегейлігінің маңызды негізі ретінде қарастырылады. Мақала соңында зерттеудің негізгі үрдістері мен болашақ бағыттары қорытындыланады.

Түйін сөздер: көшпелі өркениет, Ұлы Дала, отандық ғалымдар, тарихнама, археология, этнография, тарихи жады

Сілтеме үшін: Әлімбаева А.Т. Көшпелі өркениетті зерттеудегі отандық ғалымдардың еңбектері // Қазақ тарих электронды ғылыми журналы. 2026. Т. 189. № 1. 24–29 бб. (қазақ тілінде). DOI: 10.62183/2026-1-3.

Alimbayeva Aigul Tulegenovna

Senior Researcher, M. Tynyshbayev Zhetysu Regional Museum of History and Local Lore,
Taldykorgan, Kazakhstan
e-mail:

Works of domestic scholars in the study of nomadic civilization

Abstract: The article presents a historiographical analysis of the scientific works of domestic scholars devoted to the study of nomadic civilization. It examines the main stages in the formation and development of scholarly views on nomadic society that emerged on the territory of the Great Steppe. Particular attention is paid to the evolution of theoretical and methodological approaches to the study of nomadic culture, as well as to changes in scientific paradigms across different historical periods. Based on the works of Ch.Ch. Valikhanov, A.Kh. Margulan, K.A. Akishev, Z. Samashev, and K. Baipakov, the key research directions related to the study of the material and spiritual culture of nomads are analyzed. It is demonstrated that the works of these scholars played a significant role in shaping the scientific understanding of nomadic civilization as a unique cultural and historical phenomenon. Special attention is also given to studies of the independence period of Kazakhstan, in which nomadic civilization is considered a fundamental basis of the historical development and cultural identity of the Great Steppe. The article concludes by summarizing the main trends and prospects for further research in this field.

Keywords: nomadic civilization, Great Steppe, Kazakhstani scholars, historiography, archaeology, ethnography, historical memory

For citation: Alimbayeva A.T. Works of domestic scholars in the study of nomadic civilization Electronic scientific journal " Kazakh history ". 2026. Vol. 189. No. 1. Pp. 24-29 (In Kaz.). DOI: 10.62183/2026-1-3.

Кіріспе

Ұлы Дала кеңістігінде қалыптасқан көшпелі өркениет адамзат тарихындағы өзіндік даму логикасы мен ішкі заңдылықтары бар күрделі әлеуметтік-мәдени құбылыс ретінде ерекшеленеді. Көшпелі қоғамның қалыптасуы табиғи-географиялық ортаға бейімделудің ерекше үлгісі болып табылып, шаруашылық жүргізудің, әлеуметтік ұйымдасудың және рухани құндылықтардың өзіндік жүйесін дүниеге әкелді. Соған қарамастан, ұзақ уақыт бойы әлемдік тарихи әдебиетте көшпелі қоғамдар отырықшы өркениеттермен салыстырғанда төмен деңгейде бағаланып, олардың тарихи рөлі жеткілікті дәрежеде мойындалмады. Мұндай көзқарастар көбінесе еуроцентристік ұстанымдардың ықпалымен қалыптасқаны белгілі.

Алайда отандық ғалымдардың жүргізген кешенді зерттеулері көшпелі өркениеттің жоғары деңгейдегі әлеуметтік құрылымға, тиімді шаруашылық жүйесіне және бай рухани мәдениетке ие болғанын ғылыми тұрғыдан негіздеп берді. Археологиялық, этнографиялық және жазба деректерді жүйелі түрде талдау нәтижесінде көшпелі қоғамның динамикалық дамуы мен тарихи үдерістердегі орны айқындала түсті. Бұл өз кезегінде көшпелілер тарихын жаңа әдіснамалық тұрғыдан қарастыруға жол ашты.

Қазақстандық тарих ғылымында көшпелі өркениетті зерттеу ұлттық тарихты жаңаша пайымдаумен, тарихи сананы жаңғыртумен және мәдени мұраны қайта бағалаумен тығыз байланысты. Тәуелсіздік кезеңінде бұл бағыттағы зерттеулер жаңа мазмұнға ие болып, көшпелі қоғамның тарихи-өркениеттік мәнін ашуға бағытталды. Осы тұрғыдан алғанда отандық ғалымдардың еңбектерін жүйелі түрде талдау, олардың ғылыми тұжырымдары мен әдіснамалық ұстанымдарын саралау ерекше ғылыми және тағылымдық маңызға ие.

Қазақ даласында қалыптасқан көшпелі қоғамның тарихи бейнесін зерттеу Қазақстан тарих ғылымының басым бағыттарының бірі болып табылады. Бұл саладағы зерттеулер барысында ғылыми әдіснама кезеңнен кезеңге жетілдіріліп, көшпелі өркениеттің материалдық және рухани мәдениетін кешенді түрде қарастыруға мүмкіндік берілді. Әсіресе, пәнаралық тәсілдердің енгізілуі зерттеу аясын кеңейтіп, жаңа дереккөздерді ғылыми айналымға тартуға ықпал етті.

Сонымен қатар, әр тарихи кезеңде жүргізілген зерттеулердің мазмұны мен сипаты сол

дәуірдің идеологиялық және ғылыми талаптарына сәйкес қалыптасып отырғаны байқалады. Осыған байланысты әр кезеңдегі ғалымдардың еңбектерін салыстырмалы түрде талдау зерттеушілік әдістер мен ғылыми көзқарастар эволюциясын айқындауға мүмкіндік береді. Бұл бағыттағы ізденістер көшпелі өркениеттің мәнін тереңірек түсінуге және оның әлемдік тарихтағы орнын нақтылауға негіз қалайды.

Көшпелі өркениетті зерттеудің бастау көздері

Көшпелі қоғамды ғылыми тұрғыда зерттеу XIX ғасырда басталды. Бұл кезеңде зерттеулер көбіне этнографиялық сипатта болды. Қазақ халқының дәстүрлі шаруашылығы, әдет-ғұрпы мен дүниетанымы алғаш рет ғылыми назарға ілікті. Бастапқы кезеңде Ш.Ш.Уәлиханов көшпелі тайпалардың тұрмысын, этнографиясын жазба деректер арқылы сипаттады. Бұл кезеңде зерттеу көбінесе тарихи мәліметтерді жинау және салыстыруға негізделген еді. Шоқан Уәлихановтың ғылыми еңбектері арасында Жетісу, Ыстықкөл, Тянь-Шань және Шығыс Түркістанның тарихи-географиялық бейнесіне арналған зерттеулері ерекше қызығушылық тудырады. Олар – «Жоңғария очерктері», «Қырғыздар туралы жазбалар». Қазақ халқының тарихы мен этнографиясына қатысты зерттеулерінің де ғылыми құндылығы зор. Ғалым Қазақстанның ортағасырлық тарихы мен қазақ халқының этникалық даму кезеңдері туралы маңызды әрі құнды мәліметтерді қамтитын шығыс жазба деректеріне үлкен қызығушылық танытты. Шоқан Уәлиханов қазақ халқының материалдық және рухани мәдениетін зерттеуге, діни наным-сенімдерінің шығу тегіне, сондай-ақ Қазақстан мен Орта Азияда ислам дінінің таралу тарихына ерекше көңіл бөлді. Сондай-ақ қазақ даласындағы әлеуметтік-саяси қатынастарға арналған мақалалары маңызды орын алады. Олар: «Абылай», «Қырғыз шежіресі», «Қырғыздардың ежелгі замандағы қару-жарағы және олардың әскери сауыт-саймандары», «Шуна батыр», «Сот реформасы туралы жазба», «Даладағы мұсылмандық туралы», «Қырғыздар арасындағы шамандықтың іздері», «Қырғыздардың көшіп-қонуы туралы» және басқа да еңбектер. [Уәлиханов 1984: 70].

Ш.Ш. Уәлихановтың еңбектері көшпелі қоғамды ішкі заңдылықтары бар әлеуметтік жүйе ретінде түсіндіруге бағытталды. Ол көшпелі өмір салтының табиғи ортаға бейімделу нәтижесінде қалыптасқанын және оның рационал-

ды сипатта екенін атап көрсетті. Уәлихановтың жазбалары кейінгі ғылыми зерттеулерге методологиялық негіз қалады.

Ә.Х. Марғұлан және көшпелі өркениеттің археологиялық негіздері

Әлкей Хақанұлы Марғұланның ғылыми қызметі көшпелі өркениетті зерттеудің жаңа кезеңін ашты. Ғалым археологиялық деректер арқылы көшпелі мәдениеттің терең тарихи тамырларын дәлелдеді. Орталық Қазақстандағы қола дәуірі мен ерте темір дәуірі ескерткіштерін зерттеу нәтижесінде көшпелі қоғамның материалдық мәдениеті жоғары деңгейде дамығаны анықталды. Өзінің еңбектерінде ол: “Культура бронзы находит свое яркое выражение в группах поселений, в культовых сооружениях и некрополях, в рудниках и оросительных сооружениях, в керамическом и каменотесном искусстве, а также в зачатках каменной скульптуры, в обработке металлических и костяных изделий. Все это совокупности свидетельствует о том, что в Центральном Казахстане в эпоху бронзы и раннего железа, в период освоения меди, олова, свинца и других металлов, происходил бурный процесс развития смены культур у многочисленных этнически родственных между собой степных племен. Необходимо отметить, что процесс этот был обусловлен природными пастбищными угодьями, сделавшими этот регион одним из крупных центров древней металлургии и древнего скотоводства.”,- деп жазған. [Марғұлан 1998: 15]. Әлкей Марғұлан еңбектерінде көшпелі өркениет тек мал шаруашылығына негізделген экономикалық үлгі ретінде емес, өзіндік рухани дүниесі, өнері, әлеуметтік құрылымы, жазба және ауызша дәстүрі қалыптасқан тұтас өркениеттік жүйе ретінде қарастырылады. Ғалымның «Архитектура Казахстана», «Народное прикладное искусство», «Ежелгі жыр, аңыздар», «Труды по культуре письменности казахского народа» атты зерттеулері осы тұжырымды жан-жақты дәлелдейді.

Ең алдымен, «Казахстан Архитектурасы» еңбегінде Марғұлан көшпелі ортадағы сәулет өнерінің дамуын терең талдайды. Көшпелі өмір салтына байланысты баспана уақытша сипатта болды деген үстірт түсінікті жоққа шығара отырып, ол киіз үйдің күрделі инженерлік құрылымын, оның кеңістік ұйымдастыру жүйесін, символикалық мәнін көрсетеді. Киіз үй тек тұрғын үй емес, әлеуметтік мәртебені, әулеттік құрылымды, дүниетанымдық ұстанымды білдіретін

мәдени феномен ретінде сипатталады. Сонымен қатар ғалым Қазақстан аумағындағы кесенелер, қорымдар, мазарлар сияқты монументалды құрылыстарды талдай отырып, көшпелі қоғамда отырықшы өркениеттермен деңгейлес сәулет дәстүрі қалыптасқанын дәлелдейді. [Марғұлан Ә. Бәсенов Т. Мендігүлов. М 1954: 127] Бұл – көшпелілердің тек шаруашылықпен шектелмей, күрделі рухани-мәдени кеңістік жасағанының айғағы. «Народное прикладное искусство» зерттеуінде Марғұлан қазақ халқының қолөнерін эстетикалық талғамы жоғары, символдық жүйесі терең өнер түрі ретінде қарастырады. Зергерлік бұйымдар, кілем тоқу, ағаш және сүйек өңдеу, тері мен металды көркемдеу – мұның бәрі көшпелі қоғамда кәсіби деңгейге жеткенін көрсетеді. Ою-өрнектердің мазмұны мифологиялық түсініктермен, табиғатқа табыну элементтерімен, әлеуметтік-рухани ұғымдармен тығыз байланысты. Демек, қолөнер бұйымдары тек тұрмыстық қажеттілікті өтемей, дүниетанымдық код қызметін атқарған. Бұл – көшпелі өркениеттің көркемдік ойлау жүйесі дамығанын айғақтайды. Ал «Ежелгі жыр, аңыздар» еңбегінде ғалым ауыз әдебиеті мұраларын тарихи-мәдени дереккөз ретінде қарастырады. Батырлық жырлар, аңыз-әфсаналар, тарихи эпостар көшпелі қоғамның әлеуметтік құрылымын, моральдық нормаларын, құқықтық ұстанымдарын бейнелейді. Жырлардағы хан, би, батыр, жырау бейнелері қоғамның иерархиялық құрылымын көрсетсе, ерлік пен намыс, әділет пен адалдық ұғымдары көшпелі дүниетанымның этикалық негізін айқындайды. Бұл ауызша дәстүрдің дамуы көшпелі қоғамда тарихи жад пен мәдени сабақтастықтың жоғары деңгейде болғанын дәлелдейді. «Труды по культуре письменности казахского народа» еңбегінде Марғұлан жазба мәдениет мәселесін көтеріп, қазақ халқының рухани өмірінде жазу-сызу дәстүрі болмаған деген пікірдің негізсіз екенін көрсетеді. Ол көне түркі жазба ескерткіштерімен, ортағасырлық қолжазбалармен, шежірелік дәстүрмен сабақтастықты дәлелдей отырып, көшпелі ортада да білім мен жазба мәдениет дамығанын айқындайды. Бұл зерттеу көшпелі өркениеттің интеллектуалдық әлеуетін көрсетеді. Осы еңбектердің барлығы көшпелі өркениетті тек мал шаруашылығына негізделген экономикалық құрылым деп қарастырудың тар шеңберлі түсінік екенін аңғартады. Көшпелі қоғамда әлеуметтік институттар (ру-тайпалық жүйе, билер соты, хандық басқару), рухани құндылықтар (жыраулық дәстүр, эпос, мифология),

көркемдік мәдениет (сәулет, қолөнер, зергерлік өнер) және жазба-ауызша мұра қатар дамыған.

Марғұланның ғылыми тұжырымдары көшпелі өркениетті өзіндік дүниетанымы, эстетикалық жүйесі, әлеуметтік ұйымдасуы бар күрделі мәдени-тарихи құбылыс ретінде тануға мүмкіндік береді. Демек, көшпелі өркениет – тек шаруашылық үлгі емес, тұтас өркениеттік жүйе, адамзат мәдениетінің ажырамас әрі бірегей бөлігі.

Бұл тұжырым отандық тарихнамада көшпелі өркениет концепциясының орнығуына ықпал етті.

Кеңестік кезеңдегі зерттеулер

Кеңестік дәуірде көшпелі өркениетті зерттеу идеологиялық шектеулерге қарамастан жалғасын тапты. Тек кеңестік билік жылдарында ғана елде ірі археологиялық жұмыстар кең көлемде жүргізіліп, ежелгі тарихымыз саласында тамаша жаңалықтар жасауға мүмкіндік берген жаңа материалдардың мол қоры жиналды. Әсіресе, Қазақстандағы көне ескерткіштерді зерттеудің маңызы зор. Себебі оның ежелде мекендеген тайпалар мен халықтардың тарихы жөнінде жазба деректер аз, ал олардың өмірінің кейбір кезеңдері бойынша мүлде жоқ.

К.А. Ақышевтің сақ мәдениетін зерттеуі, «Алтын адам» кешенінің ашылуы көшпелі элиталық мәдениеттің жоғары көркемдік деңгейін көрсетті.

Кемел Ақышев еңбектері Қазақстан аумағындағы ежелгі және ортағасырлық мәдениеттерді археологиялық тұрғыдан жүйелі зерттеу арқылы көшпелі қоғамның қарапайым шаруашылық бірлестік емес, күрделі мемлекеттік құрылымдары, әскери ұйымы және терең дүниетанымы болған өркениет екенін ғылыми негізде дәлелдеді. Оның «Древние памятники Казахстана», «Древняя культура Центрального Казахстана», «Древняя культура саков и усуней долины реки Или», «Древние и средневековые государства на территории Казахстана» атты еңбектері осы тұжырымның археологиялық айғақтарға сүйенген кешенді дәлелі болып табылады.

«Древние памятники Казахстана» зерттеуінде Ақышев Қазақстан жеріндегі қорғандар, қоныстар, ғұрыптық кешендер мен қалашықтардың құрылымын талдай отырып, көшпелі тайпалардың әлеуметтік жіктелуі болғанын көрсетеді. Әсіресе ірі обалар мен «патша қорғандары» қоғамда билік иелерінің ерекше мәртебесін айқындайды. Қабір құрылысының күр-

делілігі, жерлеу рәсімдерінің салтанаттылығы, бірге көмілген қару-жарақ пен әшекей бұйымдар мемлекеттік сипаттағы билік жүйесінің және әлеуметтік иерархияның қалыптасқанын дәлелдейді. Бұл деректер көшпелі қоғамда саяси орталықтану үдерісі жүргенін көрсетеді. [Ақышев К., Агеева Е 1958: 7-60] «Древняя культура Центрального Казахстана» еңбегінде Орталық Қазақстан аумағындағы сақ, үйсін және басқа да тайпалық бірлестіктердің материалдық мәдениеті сарапталады. Археологиялық кешендерден табылған қару түрлері (қылыш, қанжар, жебе ұштары), ат әбзелдері мен әскери саймандар көшпелі қоғамның кәсіби әскери ұйымға ие болғанын айғақтайды. Атқа міну мәдениетінің жоғары деңгейде дамуы, атты әскердің шешуші рөл атқаруы – әскери-саяси құрылымның берік негізін білдіреді. Бұл қоғамда әскери ақсүйектер тобының болғанын, олардың билік құрылымындағы орнын көрсетеді. [Акишев К, Маргулан А, Кадырбаев М, Оразбаев А. 1966]

«Древняя культура саков и усуней долины реки Или» еңбегінде Іле аңғарындағы сақтар мен үйсіндердің археологиялық мұралары кеңінен талданады. Мұнда табылған «Алтын адам» сияқты бірегей олжалар сақ қоғамының идеологиялық жүйесін, дүниетанымын айқын көрсетеді. Жауынгердің алтын әшекейлеріндегі аң стилі, мифологиялық бейнелер, күн бейнесі мен аспан символикасы көшпелілердің космологиялық түсініктері дамығанын дәлелдейді. Бұл – көшпелі қоғам тек әскери күшке сүйенген бірлестік емес, өзіндік мифологиялық жүйесі мен символдық тілі бар рухани мәдениет иесі болғанын көрсетеді. Ал «Древние и средневековые государства на территории Казахстана» зерттеуінде Ақышев археологиялық және жазба деректерді ұштастыра отырып, Қазақстан аумағында ерте мемлекеттік құрылымдардың қалыптасуын негіздейді. Сақ, үйсін, ғұн дәуіріндегі саяси бірлестіктердің аумақтық тұтастығы, билеуші әулеттердің болуы, дипломатиялық байланыстар мен сыртқы саясат жүргізуі – бұлардың барлығы мемлекеттіліктің негізгі белгілері ретінде қарастырылады. Археологиялық деректер қалалық орталықтардың, бекіністердің, әкімшілік маңызы бар қоныстардың болғанын көрсетіп, көшпелі және жартылай көшпелі қоғамдардың күрделі саяси құрылымын дәлелдейді. Ақышевтің зерттеулері көшпелі өркениетке қатысты еуроцентрлік «мемлекетсіз», «тарихи прогрестен тыс қалған» деген көзқарастарды ғылыми тұрғыдан теріске шығарды. Археологиялық айғақтар көшпелі қоғамда әлеу-

меттік стратификация, әскери-әкімшілік жүйе, идеологиялық тұтастық болғанын нақты материалдар арқылы көрсетті. Бұл жаңалықтар көшпелі өркениеттің Еуразия кеңістігіндегі тарихи процестерге белсенді ықпал еткенін дәлелдеуге мүмкіндік берді. Осылайша, К.А. Ақышевтің еңбектері археологиялық деректердің негізінде көшпелі қоғамның мемлекеттік құрылымдары, әскери ұйымы және дүниетанымы қалыптасқанын ғылыми түрде дәлелдеп қана қоймай, көшпелі өркениеттің әлемдік тарихтағы орнын айқындауға берік теориялық және деректік негіз қалады. Оның зерттеулері көшпелілерді адамзат өркениетінің шеткері құбылысы емес, Еуразия тарихының маңызды субъектісі ретінде тануға жол ашты.

Тәуелсіздік кезеңіндегі жаңа көзқарастар

Тәуелсіздік жылдарында көшпелі өркениет мәселесі ұлттық тарихтың өзегі ретінде қарастырыла бастады. З.Самашев жүргізген Берел қорғандарындағы зерттеулер көшпелі мәдениеттің көркемдік-символдық жүйесін жаңа қырынан танытты. “По своей значимости материалы берельского кургана не уступают сокровищам Трои, Сибирской коллекции Петра I, Иссыка, скифских курганов Северного Причерноморья” [Самашев 2002: 18]. “Таким образом, уникальные находки из Береля свидетельствуют о высоком уровне культуры и искусства, а также сложной системе мировоззрения населения Казахского Алтая в рассматриваемую эпоху.”- деп жазды. [Самашев 2002: 20]. Тәуелсіздікке дейінгі кезеңде көшпелі қоғам көбіне әлеуметтік-экономикалық формация тұрғысынан ғана сипатталса, Самашев зерттеулерінде ол тұтас өркениеттік жүйе ретінде пайымдалады. Ғалым далалық мемлекеттерді Еуразия тарихындағы геосаяси үдерістердің белсенді субъектісі ретінде қарастырады. Археологиялық материалдар арқылы сақ, ғұн, түркі дәуірлеріндегі саяси бірлестіктердің халықаралық байланыстары, әскери ұйымы мен мәдени ықпалы көрсетіледі. Бұл тәсіл көшпелі өркениетті әлемдік тарих контекстінде бағалауға мүмкіндік берді. Сонымен қатар, Самашевтің ғылыми және ұйымдастырушылық қызметі ұлттық археологияның институционалдық дамуына ықпал етті. Жаңа археологиялық жобалар, халықаралық экспедициялар, музейлендіру жұмыстары – бәрі де тәуелсіз Қазақстан жағдайында тарихи мұраны жаңаша пайымдауға бағытталды. Нәтижесінде көшпелі өркениет мәселесі ұлттық бірегейлікті нығайтатын, тарихи сананы

жаңғыртатын стратегиялық бағытқа айналды. Осылайша, З. Самашевтің еңбектері Тәуелсіздік жылдарында көшпелі өркениетті зерттеу тек ғылыми проблема емес, ұлттық тарихтың өзегін айқындайтын іргелі бағыт болғанын дәлелдейді. Археологиялық жаңалықтар мен олардың жаңаша интерпретациясы қазақ даласындағы ежелгі мемлекеттер мен мәдениеттердің әлемдік өркениет тарихындағы орнын қайта бағалауға негіз қалады.

Карл Байпақов көшпелі және отырықшы қоғамдарда дамыған қалалық мәдениеттің болғанын дәлелдеді. Оның далалық экспедициялары көне орталықтар – Отырар, Құйрықтөбе, Қойлық және Талхиз қалаларын қамтыды. 1991 жылы Карл Байпақов ЮНЕСКО-ның «Ұлы Жібек жолы» халықаралық экспедициясының қазақстандық бөлігін басқарды. Оның күш-жігерінің нәтижесінде 2014 жылы бұл маршруттың бір бөлігі ЮНЕСКО-ның Бүкіләлемдік мұралар тізіміне енгізілді.

Бұл зерттеулер Ұлы Дала өркениетінің бірегейлігін халықаралық ғылыми ортада мойындауға мүмкіндік берді.

Қорытынды

Көшпелі өркениетті зерттеудегі отандық ғалымдардың еңбектері Қазақстан тарих ғылымының аса маңызды жетістіктерінің бірі болып табылады. Бұл зерттеулер нәтижесінде көшпелі қоғамға қатысты бұрын қалыптасқан біржақты әрі үстірт көзқарастар қайта қаралып, оның өзіндік әлеуметтік құрылымы, шаруашылық жүйесі және рухани дүниесі бар дербес өркениет екендігі ғылыми тұрғыдан дәлелденді. Отандық зерттеушілердің еңбектері көшпелі әлемнің ішкі даму заңдылықтарын ашып, оны әлемдік тарихи үдерістің ажырамас бөлігі ретінде қарастыруға мүмкіндік берді.

Жүргізілген историографиялық талдау көрсеткендей, әр тарихи кезеңде көшпелі өркениетті зерттеу әдістері мен ғылыми ұстанымдары өзгеріп, уақыт талабына сай жаңарып отырған. Бұл өз кезегінде ғылыми танымның тереңдеуіне, жаңа дереккөздердің айналымға енуіне және зерттеу бағыттарының кеңеюіне ықпал етті. Әсіресе тәуелсіздік кезеңіндегі зерттеулерде ұлттық тарихқа деген жаңаша көзқарас қалыптасып, көшпелі өркениеттің тарихи-мәдени маңызы жаңаша бағаланды.

Сонымен қатар, отандық ғалымдардың ғылыми мұрасы Ұлы Дала тарихын жан-жақты әрі

терең түсінуге, тарихи сананы жаңғыртуға және ұлттық бірегейлікті нығайтуға қызмет етеді. Бұл еңбектер тек ғылыми ортада ғана емес, сонымен қатар білім беру жүйесінде, мәдени саясатта және қоғамдық санада кеңінен қолданылу мүмкіндігімен ерекшеленеді.

Қорытындылай келе, көшпелі өркениетті зерттеу бағытындағы ғылыми ізденістер алдағы уақытта да өзектілігін жоғалтпайды. Болашақ-

та бұл салада пәнаралық зерттеулерді дамыту, жаңа археологиялық және жазба деректерді ғылыми айналымға енгізу, сондай-ақ халықаралық ғылыми кеңістікпен ықпалдастықты күшейту маңызды міндеттердің бірі болып табылады. Осы бағыттағы жүйелі жұмыстар көшпелі өркениеттің әлемдік тарихтағы орнын айқындап, оның ғылыми тұрғыдан терең әрі объективті бағалануына негіз болады.

Әдебиеттер

- Акишев К., Агеева Е. Древние памятники Казахстана.* Алма-Ата: Казгозиздат, 1958. 60 с
Акишев К, Марғұлан А, Кадырбаев М, Оразбаев А. Древняя культура Центрального Казахстана. – Алма-Ата: 1966. 436 с
Акишев А. К. Искусство и мифология саков. – Алма-Ата: Наука, 1984. 176 с
Байпақов К.М. *Қазақстанның ежелгі және ортағасырлық қалалары.* Алматы: Аруна, 2005. 316 б.
Марғұлан А.Х., Акишев К.А., Кадырбаев М.К., Оразбаев А.М. *Древняя культура* Центрального Казахстана. // Алма-Ата: 1966. 436
Марғұлан Әлкей Ежелгі жыр аңыздар: Ғылыми-зерттеу мақалалар / Құраст. Р. Бердібаев – Алматы: Жазушы, 1985. 368 б.
Марғұлан Ә.Х. *Сочинения. Т. 1.* Алматы: Атамұра, 1998.
Самашев З. *Берел – выдающийся памятник истории и культуры древних кочевников Казахстана.* Алматы, 2002.
Уәлиханов Ш.Ш. *Бес томдық шығармалар жинағы. Т. 1-5* Алматы, 1984.

References

- Akishev K., Ageeva E. *Drevnie pamiatniki Kazahstana.* Alma-Ata: Kazgozizdat, 1958. 60 s
Akishev K, Margýlan A, Kadyrbaev M, Orazbaev A. *Drevniaia kýltýra Tsentralnogo Kazahstana.* – Alma-Ata: 1966. 436 s
Akishev A. K. *Iskýsstvo i mifologiya sakov.* – Alma-Ata: Naýka, 1984. 176 s
Baýpaqov K.M. *Qazaqstannyń ejelgi jáne ortaǵasyrlyq qalalary.* Almaty: Arýna, 2005. 316 b.
Margýlan A.X., Akishev K.A., Kadyrbaev M.K., Orazbaev A.M. *Drevniaia kýltýra Tsentralnogo Kazahstana.* // Alma-Ata: 1966. 436
Marǵulan Áлкей Ejelgi jyr ańyzdar: ǒylymı-zertteý maqalalar / Qurast. R. Berdibaev – Almaty: Jazýshy, 1985. 368 b.
Marǵulan Á.H. *Sochineniia. T. 1.* Almaty: Atamura, 1998.
Samashev Z. *Berel – vydaýsnyia pamiatnik istorii i kýltýry drevnih kochevnikov Kazahstana.* Almaty, 2002.